

ЖАҺАНДЫ БІРІКТІРГЕН ЖАСАНДЫ САНА

5-БЕТ | САРАПТАМА



ҚАЙРАТ ҚҰБЫЛЫСЫ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



ШЫМНАН ШУАҚ ШАШҚАН КҮН

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін рухани байлық керек.

Әбіш КЕКІЛБАЙ

№118
(4862)
Сейсенбі
7 қазан
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ


1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



1 ПАЙЫЗДЫҚ ИПОТЕКА ҰСЫНАДЫ

Мемлекет дәрігерлер, мұғалімдер, агрономдар, мәдениет өкілдері және басқа да мамандардың ауылға барып жұмыс істеуі үшін 1 пайыздық ипотека ұсынады.

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің 2025 жылғы 4 тамызда қол қойған №74 бұйрығы күшіне енді. Құжат «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіп кешені саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және қағидаларын» бекіткен Ұлттық экономика министрі Ерболат Досаевтың 2014 жылғы 6 қарашадағы №72 бұйрығына өзгерістер енгізіп отыр. Жаңарған қағидаға сәйкес, қаладан ауылға аттанған мамандарды қолдау үшін оларға 1 пайыздық ставкасы бар ең арзан ипотека ұсынылады.



Қазақстандық Данна Қарағұсова Blue Origin компаниясының NS-36 зерттеу миссиясы құрамында ғарышқа аттанады.

Blue Origin компаниясының зерттеу миссиясы ғарышқа 8 қазанда аттанады. Осылайша Данна Қарағұсова тарихта Қазақстаннан шыққан алғашқы ғарыш туристі және ғарышты бағындырған тұңғыш әйел болмақ. Бұған дейін ивент және дистрибуция саласында 25 жылдан астам еңбек еткен. Ол медиа және ивент-холдинг – First Media Group-тың негізін қалаушылардың бірі.



КӨПІР АСТЫ КЕҢІСТІККЕ АЙНАЛДЫ


Астанада тағы бір қоғамдық кеңістік пайда болды. Триатлон саябағындағы көпір астында ашылған қоғамдық кеңістікте әмбебап спорт алаңы, воркаут аймағы, жаттығу құрылғылары және йога алаңы бар.

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

Жұмысшы мамандықтарына қызығушылықты арттыру үшін мектептерде бейіндік сыныптар ашылады. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Министрліктің мәліметінше, Жұмысшы мамандықтары жылында орта білім беру ұйымдарында 1000 бейіндік сынып құрылады. Аталған бастама аясында жалпы саны 31000-нан астам оқушы кәсіби дағдымен қамтылмақ.

«Бейіндік сыныптар 9, 10, 11-сынып оқушыларына арналып, өңірдегі жұмысшы мамандықтар немесе өзге де салалар бойынша кадр тапшылығын айқындайтын әрі сол мамандықтарға бағыттайтын бейіндік мазмұнда жұмыс істейді. Бұл процеске өңірдегі жоғары оқу орындары, колледждер және жұмыс берушілер де атсалысады. Айта кетейік, бейіндік сыныптардың бағытын оқу жылы ішінде екі рет өзгертуге болады» делінген ведомство хабарламасында.



ВАГОН ІШІ БАҚЫЛАНАДЫ

«Астана-Орал» бағытында бейнебақылау камерасымен жабдықталған жаңа вагондар қатынай бастады.

Көлік министрлігінің мәліметінше, жекеменшік теміржол тасымалдаушысы вагон паркін жаңартуды жалғастырып, желіге жаңа үш плацкарт вагон шығарған. Жаңа вагондарда кондиционер, тоңазытқыш, арнайы пеш бар. Сондай-ақ вагондар розеткалар мен гаджеттерді қуаттауға арналған USB-ұяшықтармен жабдықталған. Қауіпсіздік үшін бейнебақылау камералары мен 4G-модемдер қойылған, ал қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында жолаушыларға QR арқылы пікір қалдыру жүйесі енгізілген.

№118 (4862) 07/10/2025 Сейсенбі



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында президенттер екі ел арасындағы қарым-қатынастың қарқынды дамып келе жатқанын әрі ынтымақтастықтың барлық бағыты бойынша оң динамика байқалатынын атап өтті. Мемлекеттер басшылары сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты одан әрі арттыру мәселесін талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Эмомали Рахмонды туған күнімен құттықтап, бауырлас тәжік халқының игілігі жолындағы жауапты мемлекеттік қызметіне табыс тіледі. Мемлекет басшысы екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық байланысты нығайтуға Тәжікстан Президентінің қосқан үлесін жоғары бағалайтынын жеткізді. Тараптар алдағы кездесулердің кестесін қарастырды.

ALATAU CITY ҮКІМЕТКЕ ТІКЕЛЕЙ БАҒЫНБАЙДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Мәжіліс депутатының сауалына жолдаған жауапта Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Alatau қаласына айрықша мәртебе беру туралы тапсырмасын орындау мүмкін емес екенін айтты.

«Қазіргі кезеңде қолданыстағы заңнама шеңберінде қаланың Үкіметке тікелей бағыну мүмкіндігі жоқ. Осыған байланысты Жарлықтың шеңберінде стратегиялық шешімдер қабылдайтын Алатау қаласын дамыту мәселесі бойынша кеңес және операциялық қызметке жауапты «Alatau City Authority» мемлекеттік қорын құру көзделген» деп жазылған Үкімет басшысының жауабында.

Дегенмен келешекте Алатау қаласының арнайы мәртебесі бойынша заң актісін әзірлеу жоспарланған. Олжас Бектеновтің айтуынша, бұл акті цифрлық актив айналымын реттеу, халықаралық стандарттар бойынша құрылыс жүргізу, технологиялық инновацияларды, жасанды интеллектіні енгізу мәселелерін қамтып, «Alatau» арнайы экономикалық аймағының қызметін реттеу керек.

«Алатау қаласы құрылғаннан бері мемлекет мұқтажы үшін 593 гектарға жуық жер учаскесі алынып, жыл соңына дейін тағы 2,4 мың гектарға жуық жер учаскесін алу жоспарланып отыр» деп жазылған жауапта.

КАДР ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Бас қалада Kazakhstan Energy Week-2025 аясында ҚР Президенті жанындағы шетелдік инвесторлар кеңесінің энергетика, экология және мұнай-газ саласы жөніндегі жұмыс тобының тақырыптық панельдік сессиясы өтті.

Сессия Мемлекет басшысының Жарлығымен жарияланған «Жұмысшы мамандықтары жылы» бастамасына арналды және оған мемлекеттік органдардың, бизнес қауымдастығы мен академиялық орта өкілдері қатысты. Талқылау барысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек білім беру жүйесі мен еңбек нарығының өзара байланысын нығайту, сондай-ақ энергетика саласына мамандар даярлау мәселесінің маңызын атап өтті.

«Бүгінде біз білім беру жүйесі мен еңбек нарығы арасындағы жүйелі байланысты қалыптастырып келеміз. Әсіресе энергетика сияқты стратегиялық маңызы бар салалар үшін бұл бағыт өте өзекті. Ғылым және жоғары білім министрлігі университеттермен және жұмыс берушілермен бірлесе отырып, цифрландыру мен «жасыл» технологияларды енгізу жағдайында жұмыс істей алатын жаңа буын мамандарды даярлауға бағытталған жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеп жатыр» деді министр.


Назарбаев университетінің президенті, доктор Вакар Ахмад энергетика саласының болашағын қалыптастыруда техникалық және кәсіби білім берудің рөлін атап өтіп, мемлекет, бизнес және жоғары оқу орындарының тығыз ынтымақтастығының маңызын ерекше атап өтті. Сондай-ақ қатысушылар Қазақстан энергетика саласының болашағы адами капиталдың дамуына тікелей байланысты екенін, ал мемлекет, бизнес және білім беру арасындағы тиімді синергия елдің орнықты әрі инновациялық дамуын қамтамасыз етеді деді.



ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Қытай зілзаланың болжамын дәл бере алатын жүйе жасап шығарды.

Осының арқасында жаңа жүйе жерасты дүмпуі басталғанға дейін халыққа автоматты түрде ескерту бере алады. Бұған Қытайдың 16 мыңға жуық мониторинг станциясы жалғанған. Қатер төнсе, дабыл халыққа мобильді қосымшалар, SMS-хабарлама, теледидар және өзге де платформалар арқылы таратылады.



Тәжікстан 2037 жылға қарай толығымен «жасыл ел» мәртебесіне жетуді межелеп отыр.

Бұл туралы Тәжікстанның Энергетика және су ресурстары министрі Далер Джума Kazakhstan Energy Week-2025 шарасы аясында өткен Жаңартылатын энергия көздері халықаралық агенттігінің дөңгелек үстел отырысында мәлімдеді. Бүгінде елдегі электр энергиясының шамамен 98 пайызы су электр станцияларында өндіріліп жатыр.



Елисей сарайында Франция премьер-министрі Себастьен Лекорню отставкаға кету туралы өтініш берді.

Le Figaro басылымының жазуынша, президент Эмманюэль Макрон оның отставкасын қабылдады. Лекорню Францияның премьер-министрі болып 9 қыркүйекте ғана тағайындалды, ол небәрі 27 күн қызмет атқарған. Бұл оны ел тарихындағы ең қысқа мерзім жұмыс істеген премьер-министр етіп отыр. Елисей сарайы үкімет басшысының міндетін кім атқаратынын әлі жариялаған жоқ.

ПРЕЗИДЕНТ ҚҰТТЫҚТАУ ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бекет ата Мырзағұлұлының 275 жылдық мерейтойына орай құттықтау жолдады. Мемлекет басшысы өз құттықтауында Бекет ата еліне тұтқа, жұртына пана болған тұғырлы тұлғаларымыздың бірі болғанын атап өтті.

Маңғыстау облысы әкімінің баспасөз қызметінің мәліметінше, Маңғыстау облысының Тобықты жерінде Бекет ата Мырзағұлұлының 275 жылдығы мен оның рухани ұстазы Шопан атаның рухына арналған бірқатар іс-шара ұйымдастырылды. Екі күнге жалғасқан ауқымды мерейтойға еліміздің түкпір-түкпірінен және алыс-жақын шетелден 10 мыңнан астам қонақ жиналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтау хатында Бекет атаның ел руханиятындағы орнына тоқталды. Президенттің құттықтауын аймақ басшысы Нұрдәулет Қилыбай халыққа оқып берді. «Бекет Мырзағұлұлы – еліне тұтқа, жұртына пана болған тұғырлы тұлғаларымыздың бірі. Ол бүкіл ғұмырын халқының дүниетанымын байытуға арнап, ағартушылықпен айналысты. Бекет ата күллі қазаққа және бауырлас елдерге ғұлама ойшыл, аты аңызға айналған әулие ретінде танылды. Менің тапсырмаммен Оғыландыдағы жерасты мешітін және осы аймақтағы басқа да тарихи нысандарды ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне қосу үшін нақты жұмыс атқарылып жатыр. Жұртын ізгілікке үндеген абыздың болмысын биіктете түсетін мәдени-рухани құндылық ұлттық ұғымымыздың баға жетпес байлығы саналады. Оны сақтау, ұрпаққа мирас ету – парыз. Баршаңызға амандық, бақ-береке тілеймін» делінген құттықтауда.

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, зиялы қауым өкілдері, қоғам және мәдениет қайраткерлері, жастар, сондай-ақ өзге де шақырылған қонақтар қатысты. Мерейтой аясында Шопан ата мен Бекет ата мешітіне зиярат жасалды.

467 МЫҢ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Жыл басынан бері әлеуметтік қызметтер порталы арқылы мүгедектігі бар адамдардың 467,3 мың тапсырысы орындалды. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап elordainfo.kz сайты хабарлады.

Құзырлы министрліктің мәліметінше, 345,8 мың мүгедектігі бар адам оңалтудың техникалық құралдарын, 8,5 мыңы ымдау тілі қызметін, 25,9 мыңы жеке көмекшінің, 87,1 мыңы санаторийлік-курорттық емдеу қызметін алған. Портал мүгедектігі бар адамдарға оңалтудың техникалық құралдары мен қызметтерін өндірушіні және жеткізушіні өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді. Көмек түріне тапсырыс беру көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен растау арқылы жүзеге асырылады. Тапсырыс берілген оңалтудың техникалық құралдарын жеткізу немесе өз бетінше әкету арқылы алуға болады.

Мүгедектігі бар адамдарды оңалту құралдарымен қамтамасыз ету протез-ортопедия, сурдотехника, тифлотехника және гигиена құралдарын, сондай-ақ кресло-арбалар беруді қамтиды.

Бүгінде порталда 629 арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуші, 1045 ОТҚ жеткізушісі, 32 мыңнан астам жеке көмекші, 751 ымдау тілі және 134 санаторийлік-курорттық емдеу қызметтерін ұсынушы тіркелген. Порталды пайдалану бойынша консультацияларды қолдау байланыс орталығын, яғни 1414 бірыңғай нөмірі арқылы хабарласуға болады.

№118 (4862) 07/10/2025 Сейсенбі

МАГИСТРАНТТАРМЕН КЕЗДЕСТІ



Астана қаласы мәслихатының депутаттары Назарбаев университетінің магистранттарымен жүздесті. Кездесудің мақсаты – жас мамандарды өкілді органның қызметімен таныстыру, мәслихаттардың ҚР Парламентімен өзара іс-әрекеті, елорданы дамытудың өзекті мәселелері және жергілікті деңгейде басқару үдерісіндегі жас мамандардың рөлін талқылау.

Мәслихат төрағасының міндетін атқарушы Асқар Смағұлов жас мамандарды мәслихаттың құрамы мен құрылымы, тұрақты комиссиялардың саны және олардың құзыреті, жұмыстың негізгі бағыттары мен проблемалық мәселелер туралы хабардар етті.

Бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Кендебай Адамбек мәслихаттың жұмысы, шешімдер қабылдау тетіктері, қала әкімдігімен, халықпен, қоғамдық институттармен өзара іс-әрекет, оның ішінде елорданы дамытудың жоспарларын, әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті бекіту жөніндегі комиссияның қызметі туралы айтты.

Білім алушылар сұрақтар қойып, елорданың өкілді және атқарушы билігінің, сондай-ақ, ҚР Парламентімен өзара іс-әрекетін қалыптастыру тәжірибесіне үлкен қызығушылық танытты.

Кездесу қорытындысы бойынша диалогты жалғастыру және магистранттардың мәслихат отырыстарына қатысу мүмкіндігі, сондай-ақ, хаттамаларды, нормативтік құқықтық актілерді, конференциялар мен форумдардың материалдарын зерттеу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Елордадағы №111 жалпы орта білім беретін мектепте педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған «Ustaz space» зерттеу орталығы ашылды. Іс-шара аясында «Ustaz space: ұстаздыққа құрмет» мерекелік бағдарламасы ұйымдастырылды.



Шапағат ӘБДІР

Салтанатты жиынға «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алған мәртебелі педагогтар Эльмара Асқарқызы, Алма Сайдахметқызы, Алина Робертовна, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері Әсима Бимендина, Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп, филолог-ғалым Дихан Қамзабекұлы, Amanat партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек, білім беру саласының басшылары, қамқоршылық кеңес мүшелері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Оқушылар қонақтарды гүл шоқтарымен қарсы алып, «Білім шамшырағы» атты әдеби-композициялық қойылым ұсынды. Қойылымда адалдық, ұлтжандылық пен еңбекқорлық сияқты құндылықтар көркем өнер тілімен бейнеленіп, жас ұрпаққа тағылымды өнеге көрсетілді, «Келешек мектебінің» алғашқы гимні ресми түрде шырқалды. Әрі қарай қазақ ағартушылығының негізін қалаған Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев сынды ұлы тұлғалардан бастап «100 есім» жобасына енген замандас ұстаздарға арналған «Ұлағатты жол», «Алтын тұлғалар», «Заманауи педагогика», «Ыбырай Алтынсарин ізбасарлары» атты тақырып бұрыштары таныстырылды. Келушілерге арналған арнайы экскурсия барысында жаңа ашылған «Ustaz space» орталығының жұмыс бағыты таныстырылып, бір жыл бойы үздік танылған ұстаздардың еңбегі ұлықталған «Келешектің ұстаздары» стенді көрсетілді. Мектептің «Білім story» подкаст алаңында 2-сынып оқушысы Нұрмұхаммед Нұрсұлтанұлы құрметті қонақ Әсима Темкеқызымен шағын сұхбат жүргізіп, ақ батасын алды.

Қатысушылар ұстаздық мамандықтың мәртебесі мен қоғамдағы рөлі туралы өз пікірін білдіріп, ізгі тілегін жеткізді. Іс-шара соңында мектеп директоры аға буын ұстаздарға алғыс хаттар табыстап, олардың білім беру ісіне қосқан үлесіне зор ризашылығын білдірді.

Сирияда президент Башар Асад тақтан тайдырылғаннан бері алғаш рет парламент сайлауы өтті.

Оның нәтижесі бір-екі күннен кейін белгілі болады. Бір палаталы Сирия халық кеңесі 30 ай мерзімге жаңару мүмкіндігімен сайланатын 210 мүшеден тұрады. Бұл мүшелердің үштен бірін 2025 жылдың қаңтарында елдегі өтпелі үкіметтің жұмысына кіріскен президент Ахмед аш-Шараа, қалған мүшелерді әл-Шараа тағайындаған сайлаушылар алқасы құратын аймақтық комитеттер таңдайды.



Америка халқы Дональд Трамп енгізген тарифтердің зардабын сезінуде.

The Financial Times басылымының жазуынша, елде импорталатын тауарлардың құны өсуде. АҚШ-тың еңбек статистикасы бюросының мәліметіне сүйенсек, осы жылдың наурызынан тамызына дейін елде аудиотехника (+14%); киім-кешектер (+8%); үй тауарлары (+5%) қымбаттаған. Еске салсақ, Трамп сәуір айының басында шетелдік өнімдерді импорттауға ауқымды баж салығын жариялаған еді.

«Astana Tourism» туризмді дамыту орталығы биыл 4-9 қазан аралығында Үндістанның 7 туристік операторының өкілдеріне арнап ақпараттандыру турын ұйымдастырды.

ГОЛЬФ ТУРИЗМІ ДАМИДЫ

Райхан РАХМЕТОВА

Атап айтқанда, GolfTripz, Born2Holiday, Veena World, Hyperlink, Carving Journeys, Click2Travel және Chalo DMC Group туроператорларының өкілдеріне алдымен «Астана» гольф клубы көрсетілді. Тур бағдарламасына сай кешеннің ойындар мен демалысқа арналған инфрақұрылымы таныстырылып, шетелдік туристерді қабылдау әлеуетін бағалауға мүмкіндік берілді.

– Елордада гольф турнирі мамыр айында ашылады, гольф ойнау маусымы алғашқы қар түскенге дейін, яғни қараша-желтоқсанға дейін созылады. Жыл сайын гольф қоғамдастығында республика бойынша шамамен 50 турнир өтеді. Елімізде оны ұйымдастыратын 4 гольф клубы бар. Астанада биыл 13 турнир өтті. Жалпы спорттың элиталық түрі жыл сайын жақсы дамып келеді. Міне, осындай мүмкіндіктеріміз барын үндістандық қонақтарымызға көрсетіп жатырмыз, – дейді «Астана» гольф клубының турнир директоры Ержан Төреғожин.

«Astana Tourism» туризмді дамыту орталығы бастамасымен ұйымдастырылған турды болашақта Оңтүстік Корея, Жапония және басқа да гольф ойнағанды жақсы көретін елдердің туристік операторлары үшін де өткізу жоспарланған.



КӨПІР АСТЫ КЕҢІСТІККЕ АЙНАЛДЫ

Триатлон саябағындағы көпірдің астынан ашылған жаңа заманауи қоғамдық кеңістік қала тұрғындарының зор қызығушылығын тудырды. Ашылу кезінде нысан таныстырылып, қаладағы үздік нұсқаушылардың шеберлік сабақтары өтті.

Алматы ауданы әкімдігі абаттандыру бөлімінің басшысы Данияр Қожахметовтің айтуынша, көпір астында бірнеше функционалды аймақ жасалды. Баскетбол мен волейболға арналған әмбебап алаң, воркаут аймағы, жоғары жүктемелі жаттығу құрылғылары орнатылған. Йогаға қызығатындар үшін бөлек жұмсақ жабындысы бар алаңқай қарастырылған, бұл жаттығуды ыңғайлы әрі қауіпсіз етеді.

– Бұрын бұл жерде ештеңе жоқ, бос аумақ еді. Қазір біз оны бұқаралық спортқа арналған толыққанды кеңістікке айналдырдық. Құрал-жабдықтар арнайы тапсырыспен жеткізілді, вандализмге төзімді. Оларды алып кету мүмкін емес, себебі салмағы 100 келіден асады. Мұндай шешім бұған дейін Астанада болған емес, бұл – бірегей жоба. Іске асыруға бір жарым ай уақыт кетті, біз арнайы жеткізілімді күттік. Болашақта мұнда спорт қана емес, мәдени іс-шаралар да өтеді, – деді Данияр Қожахметов.

ДЕСАНТШЫЛАР ҚАТАРЫН ТОЛЫҚТЫРАДЫ

Күзгі шақыру науқаны аясында Астана қаласының жиын пунктінен 40 жас сарбаздан құралған команда Алматы қаласында орналасқан десантшылар бөліміне мерзімді әскери қызмет атқаруға жөнелді.

Жастарды салтанатты түрде шығарып салуға қала әкімдігінің өкілдері, Қарулы күштердің ардагерлері, әскери қызметшілер, сондай-ақ шақырылушылардың туған-туыстары мен жақындары қатысты.

Болашақ десантшыларды құттықтаған Астана қаласы Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің өкілі, запастағы полковник Ғани Артықов жастарға ақ жол тіледі.

– Десанттық-шабуылдау әскерлері қатарында қызмет ету әскери борышты өтеу ғана емес, бұл – үлкен жауапкершілік пен айрықша мәртебе. Мұндай элиталық бөлімшелерге тек дене даярлығы мықты, тәртіпті және ынталы жастар ғана іріктеледі. Көптеген жастар үшін бұл – ерлік мектебі, шынығу мен нағыз отаншылдықты бойға сіңіретін өмірлік сабақ, – деді ол.

Әскер қатарында жас сарбаздар сұранысқа ие әскери-есептік мамандықтарды меңгеріп, армияда да, азаматтық өмірде де қажет болатын білім мен дағдыны игереді.

Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, биыл, күзгі шақыру науқанының жоспарына сәйкес, Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарға 22 мыңнан аса жас азамат шақырылады. Олардың қатарында 1200-ден аса елордалық бар.

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

№118 (4862) 07/10/2025 Сейсенбі

ТАЗАЛЫҚ ҮЛГІСІН ТАНЫТТЫ

Елордада «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экология акциясы жалғасуда. Оған студенттер, экобелсенділер, еріктілер, кәсіпорындар мен мемлекеттік органдардың қызметкерлері белсенді қатысуда.













Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру тапсырмасымен елордада ұйымдастырылған республикалық экоакцияға қатысушылар қолдарына күрек, тырма және қапшықтарды алып, жағалау бойымен жүріп, бос бөтелкелер, темекі тұқылдары және басқа да қоқыстарды жинады.

Экологиялық айлық аясында 4 қазан күні қаланы тазалау бойынша кең көлемді сенбілік ұйымдастырылды. Оған 22 мыңнан астам тұрғын, 2 мыңнан аса кәсіпорын мен ұйым қатысып, 600-ден астам арнайы техника жұмылдырылды. Қала тұрғындары көше мен аулалардың тазалығын жақсартуға өз үлесін қосуда.

Сенбілік кезінде 16 мыңнан астам аула тазартылып, 107 саябақ пен сквер ретке келтірілді, 21 тарихи-мәдени нысанның аумағы тазаланды. Шамамен қала аумағынан 3 мың тонна қоқыс шығарылды.

Бұдан бөлек, брусчаткалар мен тротуарлар жөнделіп, абаттандыру элементтері қалпына келтірілді, 1200-ден астам ағаш отырғызылды.

Сонымен қатар 176 әлеуметтік нысан – мектептер, балабақшалар, спорт және медицина мекемелері, әлеуметтік қорғау ұйымдары мен өндіріс және бизнес нысандарының аумағы тазартылды.

Акция аясында қалада санитарлық тазарту, арық және жаңбыр суы жүйелерін жуу, көшелер мен аулаларды тазалау, балалар және спорт алаңдарын ретке келтіру жұмысы жүргізілді. Қоғамдық орындарда брусчатка мен жиектастар жөнделіп, шағын сәулет нысандары қалпына келтірілді. Сондай-ақ ағаш отырғызу және жасыл желектерді күтіп-баптау, сауда орындарының айналасын тазалау, рұқсатсыз қоқыс үйінділерін жою жұмысы жалғасып жатыр.

КОММУНАЛШЫЛАР БЕЛСЕНДІ ҮЛЕС ҚОСТЫ

Астанада дәстүрлі экологиялық айлық аясында Байқоңыр ауданында жаппай ағаш отырғызылды. Экологиялық сенбілікке 250-ден астам коммуналдық сала қызметкері қатысты. Олардың арасында «Астана су арнасы» МКК, «Астана Теплотранзит» АҚ, «Elorda Eco System» ЖШС және «АРЭК» АҚ жұмысшылары ерекше белсенділік байқатты. Олар Абылай хан даңғылындағы «Коммуналшылар саябағына» 250 ағаш отырғызды.

– Мұнда бірнеше коммуналдық қызмет өкілдері бірігіп жұмыс істеп жатыр, әр ұйымнан кемінде 50 адамнан қатысуда. Біз ағаш отырғызып, аумақты тазартып, жайлы орта қалыптастыруға үлес қосудамыз. Көңіл күйіміз көтеріңкі, ал сенбілік соңында қатысушыларға ыстық тағам ұсынылады, өткені ауа райы салқын, – деді «Астана су арнасы» МКК директорының орынбасары Ержан Шәріпов.

Айтуынша, мұндай экологиялық акциялар елорданың барлық ауданында өтіп жатыр және олардың мақсаты – қаланың экологиялық ахуалын жақсарту мен жасыл белдеуді кеңейту.

– Бұған дейін біз бұл саябақты абаттандырып, төселмелі тасын жаңарттық, шағын сәулет нысандары мен орындықтар орнаттық, стела қойдық. Сол себепті оны «Коммуналшылар саябағы» деп атауды ұйғардық. Төрт ірі ұйым бірігіп, 250 ағаш жапырақты және қылқан жапырақты түрлерін, соның ішінде шыршаларды отырғызды. Бұл аудан тұрғындарына жайлы орта қалыптастырып қана қоймай, елорда экологиясына оң әсер етеді, – деді Байқоңыр ауданы әкімдігі өндіріс-техника бөлімінің басшысы Фархат Жылыбаев.

АҚБҰЛАҚТЫҢ АЙНАЛАСЫН ТАЗАРТТЫ

Астанадағы №1 индустриялық паркінің аумағында ұйымдастырылған тазалық акциясына «Selena insulations», «Polytech Astana», «Saqtau logistics», «Paving stone», «Kazecotech», «Гипсовинил», «Гидрокс», «Astana ютария ltd», «Теплотехник НС», «Etcom» және т. б. – барлығы 15 зауыттың жұмысшылары қатысты. Олар Ақбұлақ өзенінің айналасындағы күл-қоқысты жинап, қаланы абаттандыруға үлес қосты.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, акцияның мақсаты – елорда тұрғындары арасында экологиялық мәдениетті арттыру және қаланың тазалығы мен көркеюіне атсалысу.

– Таза әрі жайлы қала – әрбіріміздің ортақ міндетіміз. Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының ұжымы ретінде біз экологиялық сенбіліктерге жүйелі түрде қатысып келеміз. Бұл – тек табиғатты қорғау ғана емес, сонымен бірге жас ұрпаққа үлгі көрсетудің бір жолы. Баршаңызды осы игі іске атсалысып, қаламыздың тазалығына өз үлестеріңізді қосуға шақырамыз! – деді Индустриялық аймақтарды әкімшілендіру департаментінің директоры Алмат Әлімбай.

Жалпы «Таза Қазақстан» акциясы алдағы уақытта да жалғасын табады.

КҮЙШІЛЕР АЛЛЕЯСЫНА КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Amanat партиясы Астана қалалық филиалының өкілдері мен партия белсенділері Күйшілер аллеясында ағаш отырғызды.

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асып жатқан іс-шараның қоршаған ортаны жақсартуға және елорданы көгалдандыруға қосқан үлесі зор. Бұл ретте сенбілікке белсене қатысқан партия өкілдері аудан аумағына 30-дан астам жас көшет отырғызды.

Сонымен бірге акция аясында аудан тұрғындары мен осы маңдағы барлық мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері аумақтағы арамшөптерді шауып, жарық бағаналары мен бордюрлерді әктеді. Аула аумақтары мен қоғамдық орындарды тазалады. Бірлескен күш-жігердің арқасында тек орталық көшелер ғана емес, сонымен қатар тұрғын үйлердің аулалары да тазарды. Бұл тұрғындардың жайлылығы мен өмір сүру сапасы үшін аса маңызды.

– Сенбілікке қатысып, туған өлкеміздің тазалығы мен көркеюіне өз үлесімізді қостық. Табиғатты таза күйінде сақтау өмір салтымызға тікелей әсер етеді, сонымен қатар бұл – әркімнің өз Отаны алдындағы борышы және жақсы өмір сүруінің кепілі. Сондықтан мұндай іс-шаралар тек ауданымызды таза етіп қана қоймай, қоршаған ортаға деген жауапкершілік пен бірлікті нығайтады, – деді аудан тұрғыны Алтынбек Құрмашев.

Ауқымды іс-шара барысында қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық канализациясы, көшелерді, тротуарларды, орамішілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ жасыл желектерді күтіп-ұстау және отырғызу, сауда нысандарына іргелес аумақтарды жинау, көгалдар мен гүлзарлар орнату, рұқсат етілмеген полигондарды жою және т. б. жұмыстар жүзеге асты.

АУДАНДАР ДА АТСАЛЫСУДА

Тазалық жұмыстары Астананың барлық 6 ауданында жалғасуда. Алматы, Байқоңыр, Есіл, Нұра, Сарыарқа және Сарайшық аудандарының әкімдіктері күнделікті және әр сенбі сайын тұрғындармен, мемлекеттік мекеме қызметкерлерімен, қоғам белсенділерімен, шағын және орта бизнес өкілдерімен, депутаттармен, сондай-ақ жастармен бірлесіп, ауқымды сенбіліктер өткізуде.

Алматы ауданында өткен акцияға еріктілер, белсенділер, ұйымдардың өкілдері, колледж бен университет студенттері қатысып, осы маңда жиналған қоқысты жинады. Саябақтар, скверлер, көшелер мен аула аумақтарын тәртіпке келтірді.

Сарайшық ауданындағы Ұлы дала даңғылында ұйымдастырылған ауқымды сенбілікке 200-ге жуық адам атсалысты. Олар аудан аумағына осынша ағаш отырғызды. Тазалық айлығының аясында Астана ажарланып, жасыл желектер саны ұлғайды.


– Экологиялық акциялардың қаламызда тазалық пен тәртіпті сақтауға қосатын үлесі орасан зор. Олар қоршаған ортамыздың ластану деңгейін төмендетуге және табиғатқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға ықпал етеді. Барлық азамат үшін таза және жайлы өмір сүру кеңістігін құруға бағытталған іс-шараға қатысып, айналамыздың тазалығына үлес қосқаным үшін қуаныштымын. Елорданың барлық тұрғынын осы акцияны қолдауға және апта сайын осындай сенбілікке қатысуға шақырамыз! – деді аудан тұрғыны Алма Ерланқызы.

ЖАҺАНДЫ БІРІКТІРГЕН ЖАСАНДЫ САНА

НЕМЕСЕ XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҒЫЛЫМ ТӨҢКЕРІСІ

Қазақ он сегізінші ғасырдың тұрмыс-тіршілігіне тамсанып, сол кезеңдегі ұлттық менталитетті аңсап, ол туралы кино түсіріп, ұлттық кодын сол заманалардың қойнауынан іздеп, сол дәуірге қайта көшіп кете алмай жүргенде өмірге альфа ұрпақтар келіп үлгерді. Міне, осы кезде жасанды зерденің іске қосылуы жаһанның бірігуін, адам мен технология арасының жақындауын, мемлекеттер мен мемлекеттердің байланысуын жылдамдатып-ақ жіберді. Сондықтан да шығар, қазіргі технологиялық дәуір адамдарды бірнеше топқа бөліп қарастырады.

Шапағат ӘБДІР



ҚАЙ РУДАНСЫЗ ЕМЕС, ҚАЙ БУЫННАНСЫЗ?

Міне, енді ғылым мен техниканың осыншалықты жедел дамуының нәтижесінде қазақ бұрынғыдай ру сұраудың орнына, қай топтан екендігін сұрайтын дәрежеге жетті.

Әу баста, бұл жіктеу көбіне батыс елдерінде кеңінен қолданылғанымен, қазір бүкіл әлемде, соның ішінде Қазақстанда да жиі айтылып жүр. Бұл бөлу адамдардың дүниеге келген уақытына, өмір сүрген тарихи кезеңіне және технологиямен байланысына сәйкес болып отыр. Айталық, 1981-1996 жылдары туғандар – миллениалдар, 1997-2012 жылдары туғандар – Z ұрпағы, 2013 жылдан кейін дүниеге келгендер – альфа буыны болып есептеледі. Ендеше, осыдан-ақ ұлттың жады мен заманыңыздың қаншалықты өзгеріске ұшырап жатқанын бағамдай беруге әбден болады.

ЖАҢА ДӘУІРГЕ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Қош, не десек те, қазір – технологияның дәуірі. Бұл үрдіске ілесу мемлекеттің ғана емес, әрбір қоғам өкілінің парызы іспетті болып қалды. Бұл тұрғыда еліміз де қарқынды дамып келеді. Яғни, Қазақстан цифрлық технологиялар саласында айтарлықтай жетістіктерге жетіп, халықаралық рейтингтерде жоғары орындарға ие деуге толық негіз бар. Мысалы, 2023 жылы IMD World Digital Competitiveness Ranking бойынша Қазақстан 64 елдің арасында 34-орынға көтерілді. Бұл елдің цифрлық технологияларды қабылдау және қолдану қабілетінің жоғары екенінің көрсеткіші болса керек. Ал БҰҰ-ның 2024 жылғы Электрондық үкіметті дамыту индексі (EGDI) бойынша Қазақстан әлемнің 193 елі арасында 24-орынға тұрақтап, ТМД елдері арасында көшбасшы болды. Онлайн қызметтер индексі (OSI) бойынша Қазақстан әлемнің ең үздік 10 елінің қатарына кіріп үлгерді. Бұл көрсеткіштер – Қазақстанның цифрлық инфрақұрылымды дамыту, мемлекеттік қызметтерді цифрландыру және жасанды интеллект сияқты заманауи технологияларды енгізу бағытында айтарлықтай жетістіктерге жеткенінің дәлелі. Міне, сол цифрлы дәуірді тіпті де жақындатқан ол – жасанды зерденің қолданысқа енуі, робот технологияның күнделікті тұрмысымызға араласуы. Күні кеше ғана елімізде Sage bot SR-2000 атты заманауи хирургиялық робот көмегімен алғаш рет жоғары технологиялы роботтандырылған онкохирургиялық операция жасалды. Бұл – жасанды интеллект пен роботтардың өмірімізге енді тікелей әсер ететіндігінің белгісі. Қазақ қалай болған күнде де оны енді жатсынбауы керек. Әрине, цифрлы технологияны жетілдіруге бірінші кезекте мемлекет мүдделі.

ЦИФРЛЫҚ БАСТАМАЛАР МЕН ЖИ ДАМУЫ

2024 жылдың 11 желтоқсанында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі жасанды интеллект саласын дамыту және жергілікті мамандарды даярлаумен айналысатын Astana Hub инновациялық технопаркіне арнайы барып, еліміздегі жасанды интеллект саласындағы жетістіктермен және осы бағытта атқарылып жатқан жобалармен жан-жақты танысып, Қазақстанда цифрлық технологиялар мен инновацияны дамытуға бағытталған нақты бастамалар мен жобаларды көзбен көріп, олардың маңыздылығына ерекше тоқталған Мемлекет басшысы «Жасанды интеллект саласында тыңғылықты атқарылған істің бір мысалы – KazLLM тіл моделі. Біз жасанды интеллектіні қазақша ойлауға, сараптауға және сөйлеуге үйреттік. Бұл айтарлықтай жетістік қазақ тілін цифрлық ортада дамыту үшін зор мүмкіндік береді. Алдымызда түрлі сипаттағы деректерді бір мезетте қолдана алатын қазақ тілінің мульти модальды тілдік моделін жасау міндеті тұр. Үкіметке осы бағыттағы жобаларды қаржыландыру мәселесін пысықтауды тапсырамын» деп құзырлы орган басшыларына тапсырма жүктеген.

Сондай-ақ өткенде ғана Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңестің алғашқы отырысын өткізген Мемлекет басшысы тағы да бұл салаға айырықша назар аударды.

Онда Президент ғалымдарымыздың KazLLM атты қазақ тілінің жеке моделін жасап шығаруын жоғары бағалап, алдымен елімізде жасанды интеллект саласына маманданған зерттеу университетін ашу қажет екендігін атап өтті.

– Оқу орнына арнайы мәртебе берген жөн. Сондай-ақ бұл жұмысқа әлемдік үздік оқу орындарын серіктес ретінде тарту қажет. Үкімет жыл соңына дейін осы мәселе бойынша нақты ұсыныс беруге тиіс. Осындай жаңа оқу орны бізге не үшін қажет деген сауал да туындауы мүмкін. Басты мақсат – экономиканың барлық саласына жасанды интеллект технологиясын енгізетін білікті мамандарды даярлау. Зерттеу университеті ғылым-білім, инновация және халықаралық байланыс орталығы ретінде жұмыс істеуі керек. Қазіргі жаһандық білім және технология нарығында бәсеке өте жоғары. Дарынды жастарымыз әлемдік деңгейдегі сапалы білімді тек шетелден емес, өз елімізден де алғаны дұрыс. Бұл – Қазақстанның болашағына тікелей әсері бар өте маңызды мәселе, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

KAZLLM ЖӘНЕ SOYLEAPP ЖОБАЛАРЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Nazarbayev University жанындағы Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институты (ISSAI) бұл бағытта нәтижелі жұмыс жасап жатыр. Олар қазақ тіліндегі алғашқы ірі тілдік модель – KazLLM және тілді үйренуге арналған SoyleApp мобильді қосымшасын ойлап тауып, іске қосып үлгерді. KazLLM – жасанды интеллектке қазақша ойлап, сөйлей және сараптай алу қабілетін дарытқан заманауи модель. SoyleApp болса, тіл үйренушілерге арналған интерактивті платформа.

ISSAI ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ KAZLLM МОДЕЛІ

ISSAI институты Қазақстанда жасанды интеллект (ЖИ) саласын дамытуда маңызды рөл атқарып отыр. Ол 2019 жылы құрылып, сол уақыттан бері қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі үлкен көлемдегі мәтіндік деректерді жинап, өңдеп, өз моделін – KazLLM-ді жасап шығарған бірден-бір орталық.

Ал бұл технология туралы әу баста дабыл қаққан Президент күні кеше жолдаған Жолдауының өзін «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» деп атады. Сондай-ақ «Жаңа технологиялық қалыптың ажырамас бөлігіне айналу үшін бүкіл мемлекеттік басқару жүйесін қайта құрып, оның азаматтар мүддесіне сай болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ашықтығы мен тиімділігін есептеп арттыру керек.

Сондықтан қазіргі құзырлы министрліктің негізінде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру қажет деп санаймын. Жаңа министрлікті Премьер-министрдің орынбасары деңгейіндегі маман басқаруы керек.

Үкімет экономиканың барлық саласын жаңғырту үшін жаппай жасанды интеллектіні енгізу қажет. Қазақстанды бәсекеге қабілетті ел ретінде дамытамыз десек, жұмысымызды жаңаша тәсілмен жүргізуіміз керек» деп анық тапсырмалар берді.

Шын мәнінде бұл жаһандық жаңалық. 21-ғасырдың ең ауқымды технологиясындағы төңкеріс деп атауға болады.

Дей тұрғанмен, жасанды интеллектіні жұрттың бәрі біліп, қолданып жүрген жоқ. Тіпті әлі күнге дейін түсінбей жүргендер де бар. Әсіресе, деректерді жинау, қазақ тілінің үлкен тілдік моделін жасау деген ұғымдарды, сондай-ақ жасанды сананың қазақ тілін дамытудағы мүмкіндіктерін толық түсінбейді. Ендеше жасанды интеллект деген не?

СЕЗІМСІЗ САНА

Жасанды интеллект (ЖИ) – бұл компьютерлер мен машиналарға адамның ойлауына ұқсас қабілеттерді, мысалы, үйрену, логикалық тұжырым жасау, мәселе шешу, шешім қабылдау, сөйлеу немесе бейнелерді ажырату сияқты мүмкіндіктерді беру технологиясы. Бұл – компьютерлік ғылымның бір тармағы, ол арнайы жазылған алгоритмдер мен үлкен көлемдегі деректер негізінде жұмыс істейді. ЖИ-дің өзіндік санасы немесе эмоциясы болмайды, ол – тек берілген мәліметтерге сүйеніп, есептеп, нәтиже шығара алатын құрал.

АЛҒАШҚЫ ЖИ МИНИСТР

Жақында ғана әлемдік жаңалықта «Албанияда жасанды интеллект министр болып тағайындалды» деген жаңалық тағы бір мәрте әлемді дүрліктірді. Албанияның премьер-министрі Эди Раманың айтуынша, «Diella» атты жасанды интеллект мемлекеттік сатып алуларға жауап беретін министр қызметін атқарады. Осылайша Албания үкімет құрамына ЖИ-ді министр ретінде қосқан әлемдегі алғашқы ел атанды. Ал бұған дейін бұл ЖИ модель e-Albania мемлекеттік порталында виртуалды көмекші ретінде қолданылған.

Ал Қазақстанда Президент пәрменімен «Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі» құрылды.

Анау-мынау емес, әлемде министрдің орнын ауыстырған ЖИ туралы адамдар енді өзінің де жұмысынан айырылып қалу мүмкіндіктерінен жиі алаңдай бастады. Өткенде ғана еліміздің Еңбек вице-министрі Олжас Анафин «Жасанды интеллект 1 млн қазақстандықты жұмыссыз қалдыруы мүмкін» деген ақпартпен бөлісуі де осыған дәлел.

Оның айтуынша, Қазақстанда 423 мамандық тобы бойынша талдау жүргізілген. Ал оның нәтижесі шамамен 25% жұмыс орны автоматтандырылуы мүмкін екенін көрсеткен. Бұл өзгеріс – 2,2 млн адамға қатысты деген сөз. Соның ішінде 1 миллионнан астам адамның жұмысын жасанды интеллект алмастыруы мүмкін. Сондай-ақ ЖИ қаржы, ақпараттық технологиялар, ғылым және медицина сияқты салалардағы жұмыс орындарына әсер етуі ықтимал.

– Жасанды интеллект қазір еңбек нарығына үлкен ықпал етіп жатыр. Ол, ең алдымен, рутиналық, қайталанатын жұмыстарды автоматтандырады. Мысалы, деректерді енгізу, стандартты құжат рәсімдеу сияқты офис қызметтері немесе қарапайым кеңес беретін колл-орталықтағы операторлардың жұмысы біртіндеп ЖИ арқылы орындала береді. Көлік пен логистика саласында да автономды жүйелердің дамуы жүргізушілердің жұмысын азайтуы мүмкін. Бірақ бұл тек белгілі бір адамдарды жұмыссыз қалдырғанымен, сонымен бірге жаңа мүмкіндіктер де тудырады. Тарихқа қарасақ, әр технологиялық төңкерістің артынша жаңа мамандықтар пайда болған. ЖИ саласында да солай: инженерлер, деректер талдаушылары, киберқауіпсіздік мамандары, ЖИ-мен жұмыс істей алатын журналистер, дизайнерлер, маркетологтар көбірек қажет болады. Яғни жұмыссыз қалмаудың басты шарты – бейімделу, жаңа нәрсені үздіксіз үйрену. Болашақта адамның креативті ойлауы, сыни көзқарасы және ЖИ-мен бірге тиімді жұмыс істей білу қабілеті ең құнды қасиетке айналады, – дейді IT саласының маманы, журналист, «Жасанды интеллект әліппесі» кітабының авторы Мейіржан Әуелханұлы.

KAZLLM МОДЕЛІ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Жасанды интеллект дегенде бірінші орында соны қолданатын елдің тілінің маңызы зор болуы тиіс. Өйткені әр ұлт одан өз тілінде жауап алып, өз тілінің дамуына оны пайдалануы керек. Міне, осы негізде жасалған бізде «KazLLM» бар. Бұл – қазақ мамандарының өзі ойлап тапқан, жасанды интеллектке негізделген тіл үлгісі. Бұл модель қазақ, орыс, ағылшын және қосымша түрде түрік тілдерін қолдайды. Ол жоғары тілдік дәлдікке ие болып, көптілді коммуникацияны жеңілдетуге, соның ішінде тілдік кедергілерді жоюға көмектеседі. Сондай-ақ ол – қазақ тілі мен мәдениетінің цифрлық кеңістікте дамуына үлес қосатын маңызды бастама. Оның көмегімен түрлі салада білім беру, мемлекеттік қызмет, медиа және технологияда ана тілімізді толыққанды қолдануға жол ашылады. Сонымен қатар, бұл модель ұлттық болмысқа жақын, тілдік нормалар мен ерекшеліктерді терең түсінеді, сондықтан қазақ тілінде табиғи әрі мағыналы жауаптар береді.

CHATGPT ЖӘНЕ KAZLLM-НІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Әрине, қазіргі таңда жасанды интеллект десе, біздің көз алдымызға алдымен ChatGPT келетіні анық. Ал ендеше, одан қазақтың KazLLM-ның айырмашылығы бар ма дегенге келсек, ChatGPT – OpenAI компаниясы жасап шығарған жасанды интеллект негізіндегі тілдік модель. Ол адамның табиғи тілін түсініп, соған жауап қайтаруға бейімделген. Бұл жүйе, негізінен, ағылшын тіліндегі деректер арқылы үйретілген, сондықтан ағылшын тілінде жоғары сапада жауап бере алады. Ал қазақ тілі де оған қолжетімді тілдердің қатарында болғанымен, оның деңгейі мен нақтылығы әзірге төмендеу. Өйткені ChatGPT-өзінде бар сөздік қормен ғана жауап беруге қабілетті. Ол қандай деректермен үйретілсе, соған байланысты нәтиже береді. Ағылшын тілі бойынша өте ауқымды, сапалы мәліметтер бар, ал қазақ тіліндегі ашық деректер аз әрі сапасы да әртүрлі. Мәтіндердің құрылымы, емлесі, стилистикасы дұрыс болмаған жағдайда жасанды интеллект оны дәл меңгере алмайды. Мәселен, қазақ тіліндегі кез келген көркем әдеби туындыны, мысалы, «Көшпенділер» трилогиясын алайық. Бұл шығарманы бірден жасанды интеллектке үйрету мүмкін емес. Себебі жүйе үшін ондағы кейіпкерлердің кім екені, ондағы сөздердің қандай мағына беріп тұрғаны, қай сөз табына жататыны, бәрі белгісіз. Машина мұны өздігінен түсіне алмайды. Ол үшін әрбір сөзге грамматикалық және мағыналық сипаттама берілуі керек: мысалы, «Ержан – адам есімі, жалқы зат есім, бас әріппен жазылады» деген сияқты нақты ақпарат қажет. Міне, осындай құрылым мен жүйелілік болмаса, жасанды интеллект мәтінді дұрыс меңгермейді.

Тағы бір айта кетерлігі, деректердің қауіпсіздігі де мұнда жүз пайызға қамтамасыз етіліп, қорғалмаған. Сондықтан да ChatGPT қолданылғанда кейбір ақпараттың сыртқа кету қаупі бар, себебі бұл жүйе шетелдік серверлер арқылы жұмыс істейді. Сондықтан осы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында KazLLM моделі жасалған. Бұл – қазақ, орыс, ағылшын, тіпті түрік тілдерін қолдайтын, Қазақстанда әзірленген көптілді жасанды интеллект моделі. Оның мақсаты – қазақ тіліндегі сапалы, құрылымдалған деректер негізінде оқытылып, ұлттық тілімізді цифрлық кеңістікке лайықты деңгейде енгізу. Демек, ChatGPT мен KazLLM екеуі – екі бөлек модель.

SOYLE APP – СӨЗДІ ТАНИТЫН ЖӘНЕ СӨЙЛЕТЕТІН ҚҰРАЛ

Қазақ тіліндегі дыбысты мәтінге, мәтінді дыбысқа айналдыратын қолданбалар әлі де сирек. Бұл олқылықты толтыру мақсатында жоғары да айтқанымыздай, Nazarbayev University жанындағы Ақылды жүйелер мен жасанды интеллект институты (ISSAI) ойлап тапқан Soyle App қолданбасының орны ерекше. Ол төрт тілде – қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерінде мәтін мен дыбысты оңай түрлендіре алады. Қолданбаның ең тиімді тұсы – ол сөйлемнің бас әрпін, үтір мен нүктесін автоматты түрде қоя алады. Бұл біз сияқты жазбаша жұмыс жүргізетіндер үшін үлкен көмек әрі уақыт үнемдеу болып отыр.

P.S: ***Қалай болған күнде де жасанды зерде біздің өміріміздің барлық саласына – білім беру, медицина, өндіріс, байланыс, көлік, тіпті күнделікті тұрмысқа дейін кірісуде. Бір сөзбен айтқанда, жасанды интеллект – құрал. Ол оны пайдаланушының ниетіне байланысты пайда да, зиян да әкелуі мүмкін.***

Егер болашақта жасанды интеллект снайперлер мен киллерлерді, яғни өз бетінше зиян жасай алатын қару-жарақ пен автоматтандырылған жүйелерді іске қосса, онда бұл адамзатты қарақұрдымға апарады. Сондықтан адамзат оны өркендеуге, адами тұрғыда пайдалы болуға қарай бағыттауы керек. Әйтпесе, ақырзаманның аяғы осы болады.

№118 (4862) 07/10/2025 Сейсенбі

САРЫАРҚА САҢЛАҚТАРЫ

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен әйгілі әнші, ұстаз Қайрат Байбосыновқа Қазақстанның Еңбек Ері атағы берілді. Президент өз сөзінде бұл марапат әйгілі әншінің өлшеусіз еңбегі мен ұлттық өнерімізге деген ерекше құрметтің белгісі екенін атап өтті. Жоғары атақ атамұра өнерді өзгеше өрнегімен, бедерлі бояуымен байытқан әншінің 75 жас мерейтойына тамаша тарту болды. Осылайша мемлекеттің шешімі мен ел тілегі бір арнадан табылды.



ҚАЙРАТ ҚҰБЫЛЫСЫ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«БАЛА БІРЖАН»

Жалпы Қайрат Әукенұлы сый-құрмет, атақтан кенде емес. Орда бұзар отызында Жастар одағы сыйлығын иеленді. Қамал алар жасында халық әртісі атанды. Ердің жасына келгенде, Мемлекеттік сыйлықты қанжығасына байлады. Асқаралы алпысында туған елі құрметтеп, Қарағанды қаласындағы Жұлдыздар аллеясына есімі жазылған белгі қойды. Одан бес жыл өткен соң «Еңбек ардагері» медалін өңіріне тақты. Жетпіс жастың жотасына шыққанда мерейтойының аталуына әлемді жайлаған індет мұрша бермеді. Соның есесі биыл қайтып жатыр.

Әншінің тойы жуырда елордадан басталды. Бас қалада әлі де жалғасады. Арада алтын бесігі Жаңаарқа мен Қарағандыда өтеді. Атап айтқанда, жақында Р.Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы «Айбозым» атты ән кешін ұсынды. Онда Астанадағы және еліміздің әр аймағындағы шәкірттері жиналып, ұлттық өнер салтанат құрды. Осы айдың аяғында, дәлірек айтқанда, 31 қазан күні Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында «Айбозым, айхай, бозым...» атты кеш ұйымдастырылады.

Бұл атау бекерден-бекер таңдалмады. Қайрат Байбосыновтың репертуарында 500-ден астам ән болса, соның ішінде Біржан салдың «Айбозым» әнінің алар орны ерекше. Қаршадайынан қолына домбыра алып, асқақтата шырқаған Қайратты жерлестері «Бала Біржан» атап кеткен. Бағы шығар, «болар баланың» бойындағы өнерін сол уақыттарда елге келген белгілі азаматтар да байқады. Алғашқы мүшелінде Кеңес Одағы Жоғары Кеңесіне депутаттыққа сайланған академик Шапық Шөкиннің алдында ән салып, ғалымды тәнті етті. Кейіннен Жоғары Кеңес төрағасының орынбасары, ҚазКСР Ғылым академиясының президенті болған Шапық Шөкіұлы Жаңаарқа ауданының басшылығына Қайратқа қамқорлық танытуға, отбасына қарайласуға пәрмен береді.

Ал қараормандай қазақ жұрты есімін он бес жасынан біле бастайды. Жаздың жаймашуақ күнінің бірінде Манақа жайлауында өткен шопандар тойында Біржан салдың «Адасқақ» әнінен бастап, әрі қарай «Әлі есімде», «Қызылорда вальсі» секілді сол кездің тамаша туындыларын шырқаған жетінші сынып оқушысы Қайрат Байбосынов жазушы, журналист Әмен Әзиевтің көзіне түседі. Қаламгер концерт аяқталған соң дарынды баланың орындауында «Ғазиздің әнін», Мәдидің «Қарқаралысын», Сәкеннің «Тау ішіндесін», Зеберше Оспановаңың «Сүйгенім менің қалада», Шәмшінің «Бақыт құшағында» әндерін тыңдап, магнитофон лентасына жазып алады.

Арада көп уақыт өтпей, «Қазақ әдебиеті» газетінің 1965 жылғы 6 тамыздағы санында жазушының «Қайрат – әнші бала» мақаласы жарық көреді. Автор мұны: «Қайрат – шын мәнісінде жаңа ғана гүл атқан дарын иесі. Ол – жас шынар... Біздің елде шын дарынға бөгет жоқ. Бүгін құлыншақ, бүгін тұлпар нәсілі – ертеңгі Құлагер. Ол сөзсіз мақсат нысанасына жетеді. Ойлаған тұғырға қонады» деп түйіндейді көрегендікпен.

ТІЛЕНДИЕВ ТІЛЕГІ

Сол 1965 жылы Қайраттың әншілік тағдырына әсер еткен бір оқиға болады. Абай атындағы опера және балет театры Қарағандыға гастрольдік сапармен келіп, Әмен Әзиев Жаңаарқада өзі көрген дарынды баланы атақты өнерпаздарға көрсету ниетімен облыс орталығына алдырады. Қайрат Нұрғиса Тілендиевтің «Жан сәулем» әнін шырқайды. Фортепианомен аса көрнекті композитордың өзі сүйемелдейді. Оның өнеріне әбден риза болған Нұрағасы көтеріп алып «Маған бала боласың ба?» дейді. «Боламын» деп жауап береді бала Қайрат саспастан. Содан бастап әкелі-балалы адамдардай екеуінің қарым-қатынасы композитор өмірден өткенше үзілмейді.

Қазақ киносының классикасына айналған «Қыз Жібек» көркем фильмінде Нұрғисаның ықпалымен 19 жасар Қайрат ән салады. Сол уақытта ән жүйрігі Жүсіпбек Елебековтен сабақ алып жүреді. «Қалиім мен Қосымжаным тірілді» деп ұстазы шаттанады. Осыдан кейін-ақ зиялы ортада «Байбосынов феномені» деген ұғым қалыптаса бастайды. Себебі жас әншінің үні ұстазы Жүсіпбек Елебеков айтқандай, зор дауыстарымен аты шыққан дарабоздар Қали Байжанов, Қосымжан Бабақовтардың диапазонын еске түсіретіні рас еді. Дегенмен Қайраттың вокалдық мәдениеті, тембрлік бояуы халықтық вокалда бұрын-соңды кездеспеген таңғажайып құбылысқа баланды...» деп жазады бұл оқиға туралы шертпе күй шебері, ұстаз, өнертанушы Жанғали Жүзбай.

> Қайраттың бір қасиеті – қарапайымдылық. Байбосынов қандай биікке шықса да, бетегеден биік, жусаннан аласа қалпынан айнымайды. «Таланттар қазір көп. Олар азайған жоқ. Дәріптейтін, жұртқа танытатын небір жақсы әншілер бар. Бірақ насихат жетіспей жатыр. Дипломын алған соң да олар қайда барарын білмейді» дейді әнші. Хас тұлпар жас тұлпарлар болашағына осылай алаңдайды

Қайрат Әукенұлы Алматыға опера театрының сол кездегі директоры, Қарағанды қаласына бір сапарында бойындағы өнерін байқаған Жексенбек Еркінбековтің шақыруымен аттанған еді. Жолы болып, дәл сол уақытта эстрада-цирк училищесінде ашылып жатқан ән жүйрігі Жүсіпбек Елебековтің сыныбына қабылданды.

ЕЛЕБЕКОВ ЕЛЕУШІ

Тиісті конкурсқа жүз елу бала қатысты. Училище директоры Гүлжиһан Ғалиева, атақты музыкатанушы, композитор Ахмет Жұбанов, Жүсіпбек Елебековтің өзі оларды үш күн тыңдап, ақыры бес баланы ғана қабылдады. Жәнібек Кәрменов конкурссыз-ақ өтіп кетті. Ал қалған бесеудің қатарында Жамбыл облысынан Берген Елубаев, Талдықорған облысынан Алма Кенжебаева, Алматы облысынан Әкімхан Базаргелдиев, Көкшетау облысынан Кенжеғали Тәшкенов және Қарағанды облысынан Қайрат Байбосынов болды. Соның ішінде Жүсекең Жәнібек пен Қайратты «Телқоңырым» деп атап, өзге шәкірттерінен ерек көрді.

«Кейде ойлаймын: «Қайрат пен Жәнібек болмаса, Жүсіпбектерден кейінгі халқымыздың әншілік дәстүрін елестету қиын-ау» деп. Бұл екеуі – ерекше жаралған талантты жандар. Тек қадіріне жетсе шіркін!.. Қайрат – әншілік өнердің дыбыс құдіретін, шабыт қуатын білдірсе, Жәнібек – терең ой, ыстық сезіммен халықтың философиялық танымын аша түседі» деп жазды Жүсекеңнің жары Хабиба Елебекова «Әнаманат» атты кітабында.

Шынында да, Жүсіпбек Елебеков шәкірттеріне асыл мұра болып саналатын халық әндерінен бастап, Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Естай, Мәди, Шашубай, т.б. халық композиторлардың әндерін үйретіп, аманаттап кетті. Алғашқы оқу жылының өзінде Қайратқа жүз отыз жеті ән үйретті. Олардың көбісі көптен айтылмай, ұмытыла бастаған туындылар еді. Ал негізінен, Елебековтің репертуарында үш жүздей ән болғаны айтылады. Соның бәрін алдынан дәріс алған өнерпаздарға сарқып беруге тырысты.

ПАҢ ПАРИЖДЕ

Қайрат Байбосынов эстрада-цирк училищесін аяқтаған соң, оқу орны жанынан құрылған «Гүлдер» ансамбліне жұмысқа қабылдады. Іле-шала бір топ өнер қайраткерлерімен бірге паң Париж қаласына гастрольдік сапармен барды. Қазақ әнінің құдіретін әлемге танытқан Әміре Қашаубаевтың бұл шаһарға сапарынан арада жарты ғасырға жуық уақыт өткен.

Байбосынов алдымен Ақан серінің «Алтыбасарына» басты. Берікбол Көпенұлының «Ағаш аяқ» әнін шырқағанда, Әміре әні құлағында қалған қарт европалықтар сөздерін түсінбесе де, жадыраған болар. Айтқандай, бұл ән тосыннан «Ой, пәлі-ай» деп аяқталып, тыңдарманды селт еткізеді. Осы туындыны Қайраттың орындауында қанша тыңдасақ та, әсеріміз кеміген емес. Басқа әншілерден естігенде, орындаушыны біртүрлі меңсінбей қалатынымыз бар.

Қайрат Байбосынов әншілік ғұмырында Еуропа мен Азияның талай елін аралап, Америка мен Африкаға дейін барды. Соның бәрінде жұрт үлкен қошаметпен қарсы алды. Әнші шетелдіктердің ән тыңдағандағы көңіл күйін де тап баса білді. Соған сай африкалықтардың алдында «Ағаш аяқ» секілді ойнақы әндерді шырқаса, Еуропаға барғанда кең тыныста, байсалды туындыларды салды.

ҰСТАЗДЫҚҚА БЕТ БҰРҒАНДА

Қырық жасқа жақындағанда әншілікпен қатар ұстаздыққа бет бұрды. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында Жәнібек Кәрменов және Алмас Алматовпен бірге «Халық әні» кафедрасының ашылуына мұрындық болды. Жиырма жылға жуық осы кафедраның меңгерушісі қызметін атқарды. Бір кезде өзі оқыған Ж.Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжін басқарды. Қазақ ұлттық өнер университетінің ректоры Айман Мұсақожаеваның арнайы шақыруымен 2009 жылы елордаға келіп, «Дәстүрлі ән» кафедрасының негізін қалады, профессор атанды.

Қазір ұстаздық еңбек өтілін де қырық жылға жуықтады. Осы аралықта қаншама шәкірт тәрбиелеп шығарды. Тізбелей бастасақ, марқұм Жақсылық Мырқаев, белгілі әншілер – Рамазан Стамғазиев, Айтбек Нығызбаев, Нұрай Танабаев, Гүлмира Сарина, Ержан Базарбеков, Баян Нұрмышева, Сырым Мұхамеджанов болып жалғасып кете береді. Біз білмейтін шәкірттері де баршылық.

Ұстазының репертуарында үш жүздей ән болса, Қайрат шырқайтын әндер бес жүзден асады. Шәкірті Айтбек Нығызбаев пен күйші Қайрат Айтбаевпен бірге солардың бәрін топтастырып, «Сыр сандық» атты қазақ әндерінің антологиясын шығарды. Кітапқа халық әндері, халық композиторлары мен Қазақстан композиторларының туындылары енгізілді.

БІР ҚАСИЕТІ – ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ

Қайрат Байбосынов бала кезінде суретші болуды ойлады. Алайда әнге әуестігі жеңіп кетті. Арманын ұлы Мұхтар жалғады. Ол – Қазақстанның Суретшілер, Дизайнерлер және Еуразия дизайнерлері сияқты бірнеше одақтың мүшесі, доцент, өнертанушы.

Жалпы қан жібермейді екен. Қайраттың әкесі Әукен домбырашы, қобызшы, қолөнер шебері болса, әншінің өзі домбырасының қақпағын ашып, жөндей беретін. Ал інісі Ахат – белгілі күйші. Бұл өнер бабасы Сайдалы Сары Тоқадан дарыған болуы керек. Қайрат та күйшіліктен құралақан емес. Музыка мамандары оның ән айтқандағы қағыстарынан Тотаңның, Ықыластың, Дайрабайдың, Мағауия Хамзиннің күйлерінің тарауларын танып жатады. Қайраттың әншілігі туралы айтқанда, туған жерінде өткен бір өнерпаздың есімін айтпай кетпеуге болды. Бұл – «Қазақ ән өнерінің «Ақ еркесі» атанған Игілік Омаров. Қайрат ән әліппесін ауылда жүріп Икеңнен үйренген еді.

Қайраттың бір қасиеті – қарапайымдылық. Байбосынов қандай биікке шықса да, бетегеден биік, жусаннан аласа қалпынан айнымайды. «Таланттар қазір көп. Олар азайған жоқ. Дәріптейтін, жұртқа танытатын небір жақсы әншілер бар. Бірақ насихат жетіспей жатыр. Дипломын алған соң да олар қайда барарын білмейді» дейді әнші. Хас тұлпар жас тұлпарлар болашағына осылай алаңдайды.

Қазақстанның Еңбек Ері атағын Президенттің қолынан алып тұрып, Мемлекет басшысына алғыс айта келе: «Бұл тек маған ғана емес, бұл – ұлттық өнерге, дәстүрлі ән өнеріне беріп отырған сіздің бағаңыз. Жастарымыздың ұлттық өнерге деген құлшынысы арта берсе екен деген ниетпен осы салада көп жылдан бері ұстаздық етіп келемін. Екіншіден, сахнада маған қошемет көрсеткен халқыма ризашылығымды білдіргім келеді. Осының бәрі – халықтың арқасы» дегені де бар. Қайрат Байбосынов қалыптастырған ән мектебінен кейін дәстүрлі өнер өлмейді.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

29.09.2025 №510-3477

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының «Нұра» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Қоғамдық кеңістік» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Тұран даңғылы және Бұқар жырау көшесінің қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,0600 га, жер учаскелері 2025 жылғы 10 қарашадан бастап 2026 жылғы 10 қарашаға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы « 29» 09 № 510-3477 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-335-098-812	Избасова Куралай Алдашевна	600	594	Астана қаласы, «Нұра» ауданы, «Уралочка» б/с, 130-учаске	Бағбандық	Жеке меншік

ҰСТАЗ – ҰЛЫ ТҰЛҒА

Өмірде адал дос таңдау – әркімнің арманы. Шынайы дос – ешнәрсемен бағаланбайтын құндылық. Адал достық деген сөз – ол екі адамның бір-біріне мүлтіксіз сенім арта білетін, әрі өмірге деген көзқарастары да бір жерден түйісетін қасиет. Менің жалпы достарым көп.



Олардың әрқайсысымен ашық сырласа аламын. Айналамызда болып жатқан оқиғаларды, қоғамда талқыланып жатқан жайлармен де ашық пікірлесемін. Және осы достарыммен қуанышым мен қызығымды, әрі кетсе қайғымды да бірге бөлісемін.

Солардың бірі ұлағатты ұстаз, құрбы сіңлім – Маржан Бектұрсынқызы Пірімбетова. Онымен таныстығым Астанадағы көз аурулары қазақ ғылыми-зерттеу институтында көзімізге ота жасатар алдында таныстым. Бір палатада жаттық. Бір көргеннен таныстығымыз жарасып кетті. Міне, содан бері қаншама жыл өтсе де, жұбымыз жазылмай келеді.

Маржан Бектұрсынқызының болмысы қаншалықты рухани бай болса, жанындағы адамдарға қарапайымдылығымен соншалықты әсер қалдырады. Табиғатында байсалды әрі қиыншылыққа мойымайтын жан. Танымы да, философиялық ой-тұжырымы да, жан дүниесі де ерекше адам. Мен оның осы қасиеттерін ауруханада жатқанда сезініп, ол жайлы жақсы ой топшылағанмын.

Маржан Пірімбетова – Қызылорда облысының Шиелі өңірінде дүниеге келген. Сыр елінің жыр сүлейлері мен шайырларының өлеңдерін, жырларын тыңдап өскен білімді әрі парасатты жан. Жастайынан «Бес ғасыр» антологиясы мен қазақ ертегілерін оқып, санасына түйген. Кейін келе сөз сырын терең ұғынып, зерделі қазақ тілі пәнінің филолог маманы болып шығады. Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтының түлегі. Негізінен, бар өмірі мен еңбек жолын педагогикалық қызметке арнаған.

Алматы қаласында қалалық Білім беру басқармасының оқу орындарында жоғары лауазымды қызметтерде қызмет атқарған. Халықаралық мамандықтар институтында проректор, кафедра меңгерушісі, сектор жетекшісі қызметтерінде болған. Маржан Пірімбетова – ұлағатты ұстаздығына қоса методист тәлімгер. Зейнетке шыққанға дейін Астанадағы Нәрікбаев атындағы заң университетінде ұзақ жылдар қазақ тілі пәнінің оқытушысы болып қызмет атқарған. Ұйымдастыру қабілеті жоғары, әрі педагог ғалым. Ұстаздық қызметте жүріп студенттерге арнап бірнеше оқулықтар жазып, әртүрлі тақырыпта кітаптар да шығарған. Орта саны 35 кітап жазып, оқырманға ұсынған. Ол Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Республикалық, қалалық газеттерге жастар тәрбиесі жайлы жүздеген мақала жазып, әртүрлі тақырыпта лекциялар оқыған. Оның бірнеше көркем шығармалары мен оқулықтары жайлы студенттер ғылыми еңбек те жазған. Маржан Пірімбетова – қаламгер жазушы, публицист, прозаик. Жазған кітаптарының мазмұны кең, ауқымды, тілі көркем оқып отырып көз жазбайсың, кітаптан басыңды алмай тоқтамай оқисың.

Мен Маржан Бектұрсынқызының бірнеше сабақтарына қатыстым. Сонда аңғарғаным, сабақтағы алған тақырыбын жан-жақты зерттей келіп, оны өзінің ой елегінен өткізіп алып барып тындарманына жеткізеді. Сондықтан да ол – студент жастардың жүрегінен орын тепкен ұлағатты ұстаз. Ізденіске жаны құмар, ұлтжанды, жүрегі жылылыққа толы мейірімді жан. Ізденімпаз, мінезі сабырлы, өзі ұлтжанды әрі тіл жанашыры. Әрбір сабағы мен лекциясында Абайдың ұлағатты ойлары мен сөздерін мысалға алып отырады.

Маржан Бектұрсынқызы Пірімбетова жайлы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Сүлеймен Мәмет: «Маржан Бектұрсынқызы – ғылым әлеміне бей-жай қарамайтын, өзін тіл жанашыры ретінде сезінетін жан. Ол зерде баспалдағына көтерілген сайын жинап-терген асыл дүниесі мен рухани байлығынан келтірілген түйінді ойлары көпшілік қауымның кәдесіне жарар танымдық үлкен еңбек» деп баға берген екен. Біз де осы ойға қосыламыз.

Ал отбасы жайлы айтатын болсақ, жолдасынан ерте қалған, үш баланың анасы. Немерелерінің мейірімді әжесі. Құдағиларының сырласы, ағайындары мен әріптестері арасында беделді. Абыройы асқақ жан. Балаларының үшеуі де, келіндері де білімді қызметкер. Маржан Пірімбетованың балалары – қазақы тәрбие алған, әрі заманауи трендті қатар алып жүрген мамандық иелері.

Бүгінгі таңда Маржан Пірімбетова құрметті зейнетте жүрсе де еңбектен қол үзген жоқ. Астана қаласы Байқоңыр ауданына қарасты «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында» қазақ тілі пәнінің оқытушысы. Әртүрлі тақырыпта кештер ұйымдастырып жүрген белсенді қайраткер. Жұма сайын орталықта әртүрлі тақырыпта зиялы қауым өкілдері мен ардагерлерді қатыстырып, өнер қайраткерлері ақын, жазушы, тарихшылармен шаралар ұйымдастырып, оған мектеп оқушыларын да қатыстырып жастарға үлгілі тәрбие беруде.

Осы орталықта екі жылдың ішінде жетпіске жуық танымдық кештер мен тақырыптық шаралар өткізген. Сол кештерге мен де қатысып, рухани ләззат алған адаммын. Ерекше есімде қалғаны – «Абай хакімнің шығармалары» жайлы конференциясы. Оның өткізіп жүрген кештерінің қай-қайсысының да тақырыбы ауқымды.

Маржан Пірімбетованың тағы бір ерекшелігі – қолының ашықтығы. Өзіне емес, өзгеге болсын деген шынайы ниеті. Өзгелерге пайдалы болудан жалықпайтын мейірімді ана. Маржан Бектұрсынқызы ата-анасыз қалған жетім студент қызға өзінің зейнетақысынан айына бір рет стипендия ретінде талай жылдан бері қаржылай көмек көрсетіп тұрады. Өзі түлеп ұшқан мектебінен де қол үзген емес. Мектебіндегі Өлкетану музейіндегі «Мақтан тұтар тұлғалар» атты көрнекі бөлімнің төрінде Маржан Пірімбетованың да портреті тұр. Осы өзінің мектебінде жыл сайын «100 дәптер, 100 қалам, 100 бауырсақ» акциясын өткізіп тұрады.

Қызмет жасап жүрген Астанадағы Байқоңыр ауданындағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» ортағалығына қарасты «Интеллектуалды даму» клубына да ол қамқорлық жасауда. Ол осы клуб мүшелеріне арнап және «Байқоңыр аудандық белсенді ұзақ өмір сүру орталығына» өзінің өмір бойы жинаған кітапхана қорын сыйға тартты. 3500 дана кітап. Онда Қазақстан ақын-жазушыларының, шетел классиктерінің, Алаш азаматтарының және де өзі жазған 35-тен астам кітабы бар.

Маржан Пірімбетованың кішіпейіл, әрі байсалды, ізденуден жалықпайтын мінезіне мен өте тәң қаламын. Өзі қайырымды, кішіге де, үлкенге де ізет көрсетіп тұратын парасатты жан. Ол қызметіне де өте адал, ізденісі де мол.

Маржан Пірімбетова біраз жыл Астана қалалық Ардагерлер кеңесі медиа тобының да белді мүшесі болды. «Астана ақшамы» газетіне Астана қалалық ардагерлер кеңесінде өткізіп жатқан шаралар туралы және белсенді ардагерлер жайында мақалалар жазып оқырмандарына ұсынуда. Ол жазғанда көркем тілмен төгілтіп жазады. Оның ешкімге ұқсамайтын өз стилі, өз мәнері, әдемі жазу ерекшілігі бар. Яғни, әдемі жазу – бұл да мәдениеттің бір белгісі. Әрі сол жазуды оқитын адамға деген құрмет деп түсінемін. Міне, біздің Маржан Пірімбетова – осындай жан.

Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, профессор-ғалым, тіл маманы, ұлағатты ұстаз, «Үздік оқытушы» медалінің иегері, «Үздік оқытушы номинациясының» жеңімпазы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Маржан Пірімбетова ұлт руханияты үшін осы күнге дейін адал қызмет етуде.

Оның «Қазақ әйелдері – әлем жанарында» кітабы – мектеп оқушылары мен мұғалімдерге өте пайдалы, таптырмайтын кітап екенін баса айтқым келеді. Әрі ұрпағымызға бұл жинақ – аналарын ардақтайтын асыл қазына дер едім. Қорыта айтқанда, бұл кітап – қазақ әйелдерінің энциклопедиясы.

«Байқоңыр аудандық ұзақ өмір сүру орталығында» өмірлік тәжірибесі мол, жастарымызға үлгі боларлық білікті, білгір, көсем сөз шебері, алтын қалам иесі, кәсіби журналистиканың шебері, әрі ұлағатты ұстаз атанған, қазақ тілінің маманы, Маржан Пірімбетова сабақ беріп жүргенін мен мақтанышпен айта отырып, газет оқырмандарына жеткізуді өзімнің парызым дедім. Зейнетте жүріп, Маржан Пірімбетованың ұлт үшін, ұрпаққа жасап жатқан еңбегі ұшан-теңіз! Осы жылдың қазан айында ол мерейлі 70 жасқа толады. Алдағы уақытта да өмірің қызық пен шаттыққа толы болып, беделің артсын ортада деп Маржан Бектұрсынқызына тілек айтамыз!

Ғалия БАЛТАБАЙ,
«Құрмет» орденді журналист

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 29.09.2025 №510-3476

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Балабақша» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, М.Дулатов және Ә.Диваев көшелерінің қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 1,1590 га, жер учаскелері 2025 жылғы 10 қарашадан бастап 2026 жылғы 10 қарашаға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж.Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж.Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы « _29_» _09__ №510-3476 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-319-150-137	«Астана – РЭК» АҚ	223	3	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Оғыланды орамы, №18М учаске	ТҚС-47-ден тұрғын ауылы бойынша ӘЖ-0,4 кВ электр беру желісін пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (жалға алу). 24.11.2026 жылға дейінгі мерзімге
2.	21-319-005-111	Лемешенко Галина Петровна	777	656	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Барқытбел орамы, №39 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
3.	21-319-005-367	Лемешенко Галина Петровна	510	414	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Мыржақып Дулатов көшесі, №36 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
4.	21-319-005-001	Большаков Михаил Михайлович	736	477	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Әбубәкір Диваев көшесі, №16 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
5.	21-319-005-145	Баймагамбетова Жанна Гасановна	850	132	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Әбубәкір Диваев көшесі, №12 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
6.	21-319-005-365	Смайлов Дулатбек Толеувич, Смайлова Сауле Урумбаевна Бекбергенов Евгений Викторович, Загребина Анна Ерболатовна	1000	1000	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Мыржақып Дулатов көшесі, №34А үй Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Мыржақып Дулатов көшесі, №34 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
7.	21-319-005-171	Динтаева Қулайша Дуйсенбаевна	674	411	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Әбубәкір Диваев көшесі, №22 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
8.	21-319-005-397	Пысина Людмила Николаевна	1000	845	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Барқытбел орамы, №35 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
9.	21-319-005-396	Исмагилов Чингиз Гезетдинович	1000	112	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Барқытбел орамы, №33 үй	Тұрғын үйді салу және пайдалану	Жеке меншік
10.	21-319-005-203	Хасенов Азамат Кадырович Бимаганбетов Габиден Хамитович	711	437	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Әбубәкір Диваев көшесі, №18 үй, №2 пәтер Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Әбубәкір Диваев көшесі, №18 үй, №1 пәтер	Тұрғын үйді пайдалану	Ортақ үлестік меншік
11.	21-319-005-414	Бейсенов Ернаон Аппасович	773	501	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Әбубәкір Диваев көшесі, №14 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
12.	21-319-005-400	Сарсымбаев Мухит Тариханович	1000	936	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Барқытбел орамы, №45 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
13.	21-319-005-364	Сахарова Ирина Абулганиевна	1000	378	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Мыржақып Дулатов көшесі, №32 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
14.	21-319-005-172	Естаев Азамат Булатович	600	374	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Әбубәкір Диваев көшесі, №24 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
15.	21-319-005-684	Бекбергенова Светлана Анатольевна	78	78	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Мыржақып Дулатов көшесі, №34а үй	Құрылыс құқығы жоқ тұрғын үйді пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (жалға алу). 08.08.2007 жылға дейінгі мерзімге
16.	21-319-005-096	Омарова Куляш Асановна	797	558	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Барқытбел орамы, №43А учаске	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
17.	21-319-005-399	Ахметжанова Шолпан Маратовна	600	529	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Барқытбел орамы, №43А үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
18.	21-319-005-698	Джунусова Лариса Вильгельмовна	571	547	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Барқытбел орамы, №41 үй	Құрылыс құқығы жоқ тұрғын үйді пайдалану	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану (жалға алу). 08.07.2007 жылға дейінгі мерзімге
19.	21-319-005-398	Герасимова Татьяна Алексеевна	836	705	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Барқытбел орамы, №37 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
20.	21-319-005-585	Садуов Мурат Айдарбекович	653	414	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Әбубәкір Диваев көшесі, №20/1 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
21.	21-319-005-927	Джунусова Лариса Вильгельмовна	17	17	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Барқытбел орамы, №41 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік
22.	21-319-005-926	Джунусова Лариса Вильгельмовна	983	780	Астана қ., «Сарыарка» ауданы, Барқытбел орамы, №41 үй	Тұрғын үйді пайдалану	Жеке меншік

Астана қалалық Ардагерлер және Есіл ауданының ардагерлер кеңестері, ҚР Журналистер одағының мүшесі, қоғам қайраткері, «Семей-Невада» қозғалысының белсенді мүшесі, белгілі ақын, жазушы
Әбдікәрімов Бейбітбек Нығыметұлының
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№118 (4862) 07/10/2025 Сейсенбі

ШЫМНАН ШУАҚ ШАШҚАН КҮН

Қазан айының алғашқы күндері елорда тұрғындары үшін ерекше театр апталығы болды. Шымкент қаласынан арнайы келген Жұмат Шанин атындағы академиялық қазақ драма театры «Шымнан шуақ» атты гастрольдік сапар аясында астаналық көрермендерге үш бірдей қойылым ұсынды. Театр ұжымы Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры сахнасында жазушы Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат» драмасын, Назерке Құмарғалиеваның бүлдіршіндерге арналған «Есте сақта, балақай!» танымдық-интеллектуалды спектаклін және башқұрт жазушысы Айгиз Баймұхаметовтың жүрек тебіренткен «Тастамашы, ана!» драмасын көрермен назарына ұсынды.



Шапағат ӘБДІР

– «Шымнан шуақ» гастрольдік сапары аясында 5 қалаға бардық. Павлодар қаласынан басталған сапарымыз, өзіміздің ұлы ұстазымыз, театр өнерінің негізін қалаған Жұмат Шаниннің туған жері Баянауылда жалғасты. Ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай Семей қаласына да арнайы барып ақынның «Желсіз түнде жарық ай» әдеби музыкалық толғауын, Айгиз Баймұхаметовтің «Тастамашы, ана!» драмасын сахналадық. Екібастұз қаласында да болып, осы спектакльдерді аншлагпен өткізіп қайттық. Осылайша, сапарымыздың соңғы аялдамасында елордамыз Астанаға тоқтадық. Мұндағы әріптестер құшағын ашып, шашуын шашып, ыстық ықыласпен, қазақы қонақжайлылығымен қарсы алды. Елордалықтарға екі күн қатарынан өнер көрсеттік. Алдағы уақытта да қос театр арасындағы шығармашылық байланыс арта түседі деп сенеміз, – деді Жұмат Шанин атындағы академиялық қазақ драма театрының директоры Дархан Балажанов.

Шымкент театры қойған алғашқы қойылым – «Мөлдір махаббат» драмасының авторы атақты жазушы Сәбит Мұқанов, қоюшы режиссері Ұлан Болатбек, қоюшы суретшісі – Ербол Қантураев. Махаббат атты мәңгілік тақырыпты өзегіне алған бұл туындыда қазақ халқының қилы тағдыры мен рухани жарасы көрініс табады. Басты кейіпкерлер Бүркіт пен Бәтес адал сезім жолында қоғамның қатал шындығымен бетпе-бет келеді. Сахнадағы көрініс тек махаббаттың емес, әділетсіздік пен рухани сергелдеңнің де символы іспетті. Қазақы киіз үйдің тігіліп, кейіннен құлауы – бір дәуірдің құлауын, ал оның орнынан қайта көтерілуі – жаңғыруды білдіреді. Режиссер шешімімен сахнадағы әрбір үнсіз сәт көрерменнің жүрегіне ой салып, тарих пен шындықтың терең астарын ашып берді.

Келесі қойылым – башқұрт жазушысы Айгиз Баймұхаметовтың «Тастамашы, ана!» драмасы. Қоюшы режиссері – Әли Бидахмет, қоюшы суретшісі – Ербол Қантураев. Бұл драмада жетімдер үйінде өскен балалардың тағдыры, ананың мейіріміне деген сағыныш пен үміт әсерлі баяндалады. Ильястың өмір жолы арқылы көрермен балалық пен аналық махаббаттың шексіз құндылығын сезінеді. Әсерлі оқиға мен актерлердің шынайы ойыны, режиссердің сахналық шешімдері көпшілікті терең ойға қалдырды. Сахнадан айтылған әр сөз адамның жан дүниесіне жол тауып, «Анасы бар жан – шын бақыттың иесі. Ал біз барымызды бағалап жүрміз бе?» деген сұрақты ойға салады.

Үшінші қойылым – Назерке Құмарғалиеваның бүлдіршіндерге арналған «Есте сақта, балақай!» танымдық-интеллектуалды драмасы. Қоюшы режиссері – Еркебұлан Қабдыл, қоюшы суретшісі – Ербол Қантураев. Бұл спектакль тәрбиелік мәні зор, балалардың ой-өрісін кеңейтіп, өмірге қажетті дағдыларды үйретуге бағытталған. Автор балаларға тазалық сақтау, дұрыс тамақтану, салауатты өмір салтын ұстану, өрт және жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау сынды маңызды тақырыптарды тартымды түрде жеткізген. Режиссер Еркебұлан Қабдыл қойылымды балабақша мен бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктеріне бейімдеп, интерактивті сипатта сахналаған.

Қойылымда тазалық сақтамайтын, фастфудқа әуес Әмір есімді баланың дәрігер мен мұғалімнің кеңесінен кейін дұрыс тамақтану мен жеке гигиенаның маңызын түсінуі бейнеленеді. Сабақ үстінде телефонға беріліп, өрт қауіпсіздігін елемеген Адина есімді қыздың оқиғасы арқылы балаларға 101 нөміріне қоңырау шалу ережесі түсіндіріледі. Ал сабақтан қашып, көшеде бағдаршамға шығып кеткен Әлидің әрекеті жол ережесін сақтаудың және төтенше жағдайда 102 нөміріне хабарласудың маңызын ұғындырады. Мұның бәрі балаларға таныс өмірлік жағдайлар арқылы жеткізіліп, олардың қызығушылығын арттырды.

Жарық пен музыкалық шешімдер қойылымның шынайылығын күшейтіп, балалардың назарын толық аударды. Қорыта айтқанда, «Есте сақта, балақай!» – бүлдіршіндердің танымын кеңейтіп, өмірлік маңызды ережелерді үйретететін әсерлі әрі пайдалы спектакль. Қойылым елордалық балалардың ерекше қызығушылығын тудырып, оларды тазалық пен қауіпсіздік ережелерін есте сақтауға, салауатты өмір салтын ұстануға ынталандырды.



ЕСЕНҒАЛИДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Астанада көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Есенғали Раушановтың шығармашылығына арналған «Ұшты менің құстарым бұлттан әрі» атты поэтикалық кеш өтті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен кешті Жазушылар одағының елорда филиалы мен К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті аталмыш оқу орнының концерт залында ұйымдастырды.

Дәл осы сахнаның таңдалуы бекер емес. Бірнеше жыл бұрын Есенғали Раушановтың 60 жас мерейтойына арналған «Біздің елдің жылқысы кіл көк мойнақ» поэзия кеші осында өткен еді. Сол жолы ақын ортада өзі жарқылдап отырып, мерейленді, кешті «Тоғыз қайық» атты өлеңімен қорытындылады. Ал осы кешке жиналғандар ақынның рухымен сырласқандай болып естеліктерді айтты, өлеңдерін оқып, оның жырларына жазылған әндер шырқалды.

Кешті жүргізген белгілі ақын, Жазушылар одағы Астана филиалының директоры Бауыржан Бабажанұлы Есенғали Раушанов батыс пен шығыс әдебиетін толық меңгергенін, өзіне дейінгі ақындардың шығармашылық жетістіктерін бойына сіңіріп, жаңа тұрпатты поэзия жасағанын атап өтті. Үлкен экран арқылы қазақ әдебиетінің алып бәйтеректерінің бірі Әбіш Кекілбайұлының ақын шығармашылығы жөнінде айтқан пікірі берілді. Онда жазушы Есенғали Раушановтың поэзиясы «Жігер» фестивалі кезінде елең еткізіп, жүрегіне қона кеткенін айтты.

Естеліктер легін көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет бастады. Ақынның қызы Әйгерім Раушановаға сый-құрмет көрсетті. Оның сөзін Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары Бейбіт Сарыбай, Мемлекеттік кеңесшінің көмекшісі Қалқаман Сарин, Мәдениет және ақпарат министрлігінің басқарма басшысы Алмаз Мырзахмет жалғады. Белгілі ақын Мырзан Кенжебай Есенғалидың кісілік болмысы туралы айта келе, бүгінгі қазақ поэзиясына көзқарасын білдірді. Белгілі ақындар Ауыт Мұқибек пен Әбубәкір Смайылов арнауларын оқыды.

Ақынның өлеңдеріне жазылған әндер қатарын Астана қаласы Музыкалық жас көрермен театрының әртістері Лесбек Амановтың «Қара бауыр қасқалдақ» әнімен бастады. Алматыдан жеткен ақынның жары Набат Раушанова ұйымдастырушыларға алғыс айтып, Есенғали ақынның туған күні жылда поэзия кеші өтіп тұрса деген тілегін жеткізді. Ұйымдастырушылар атынан оған сый-сыяпат көрсетілді.

ТАРИХ ТҰНҒАН ТАҒЫЛЫМДЫ ЖҮЗДЕСУ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Журналистика» факультетінде жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Президенті сыйлығының және халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қайсар Әлім студенттермен кездесіп, қаламгердің «Атылуын күткен 6 күн» романы мен «Міржақып Дулатұлы: ғұмырнама» атты еңбегінің тұсауы кесілді.

«Атылуын күткен 6 күн» романында Алашорда үкіметі – Ұлт кеңесінің мүшелігіне кандидат, Қазақ автономиясының тұңғыш Ата Заңы авторларының бірі, заңғар заңгер азаттық жолындағы күрестің жалынды ұйымдастырушысы Сейдәзім Қадырбаевтың Алаш идеясын жүзеге асырудағы зияткерлік үлгі-өнегесі, пассионарлық өжеттік іс-қимылдары жан-жақты ашылған. Тілі – көркем, композициялық тіні – берік, оқиғалары ойдан емес, өмірдің өзінен алынған роман әр оқырманның жүрегіне жол табарына ешкімнің таласы жоқ.

«Міржақып Дулатұлы: ғұмырнама» атты еңбек – Қайсар Әлімнің Алаш қозғалысының белсенді қайраткері, жазушы, ақын, драматург, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ірі өкілі Міржақып Дулатұлы жайлы қалам суытпай ізденген тынымсыз еңбегінің тәтті жемісі. Биыл 140 жылдық мерейтойы республикалық деңгейде аталып өтіп жатқан Алаштың аяулы перзенті, көрнекті қайраткер жайлы кітаптың жазылу тарихы да ерекше.

Жазушы 1992 жылдың 1-18 қыркүйегі аралығында бұрынғы Торғай облысынан жасақталған арнаулы экпедицияның мүшесі ретінде Міржақып Дулатұлының сүйегін 57 жылдан соң Карель АКСР-інің Сосновец станасындағы қабірден алып, туған топырағына қайта жерлеудің басы-қасында болған.



Сөйтіп егемен ел тарихындағы алабөтен оқиғадан алған әсерін Міржақып Дулатұлының өмірімен сабақтастыра отырып хикаят-сапарнама жазып шығады. Автордың бұл кітабында Алаш зиялысының өмірі мен шығармашылық кезеңі, қазақ халқының еркіндігі жолындағы табанды күресі танымдық әрі көркемдік тұрғыда сипатталады.

Екі еңбектің тұсауы кесіліп, мазмұны жан-жақты сарапталғаннан кейін жазушы Қайсар Әлім журналистика факультетінің білімде озат, қоғамда белсенді студенттеріне жаңадан жарық көрген құнды еңбектері мен арнайы шәкіртақылар табыстады.

Дана САДЫРҚАН,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Журналистика факультетінің 4-курс студенті

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж –5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 118
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС